

■ Тарих беттерінен

## АҚМОЛАДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ПОЙЫЗ



*1929 жылы 8 қарашада жаңадан салынған Бурабай-Ақмола теміржол желісімен Ақмола қаласына алғашқы пойыз келді.*

Таңертең ерте далада (вокзал ғимараттары әлі салынбаған) жүздеген ақмолалықтар қуанышты дауыстарымен, ду қошеметпен түрлі-түсті транспорттармен безендірілген «болат тұлпарды» қарсы алды. Осы жерде құрылысшыларға құрмет көрсету митингісі өтті. Теміржол желісі рекордтық қысқа мерзімде, бірнеше айдың ішінде салынған еді.

1929 жылы 20-қаңтарда Бүкілодақтық коммунистік партияның Қазақ өлкелік комитеті Бурабай-Ақмола темір жол желісін салу туралы қаулы қабылдап, жұмысты жеделдетуді жүктеген-ді. 1929 жылдың мамыр айының басында Щучье селосында Бурабай-Ақмола темір жол құрылысының бөлімі құрылды. Темір жол құрылысына тәжірибелі инженер Роутс жетекшілік етті. Аудандық атқару комитетінің жанынан құрылысқа көмек беру комиссиясы құрылды.

Мамырдың 10-жұлдызында «Қазжелдорстрой» құрылысшылары Бурабайдан Ақмолаға дейінгі аралықтың теміржол жолын төсегуге кірісті. Жол қарабайыр құралдармен салынды, жол төсеніштері ат тырмаларымен, арбалармен және күректермен толтырылды. Рельстер қолмен төселіп, қолмен бекітілді. Құрылысшыларға 1 миллион 400 мың текше метр жер қазу жұмыстарын жүргізуге тура келді. Бірақ құрылыс жұмыстары бір сәтке де бәсеңсіген жоқ. 1 маусымға дейін 27 шақырым жол төселді.

Шойын жол күннен-күнге шақырымдарға созылып, дала төсіне тереңдеп, жұмыс ерекше қарқын алды. Тамыздың аяғына қарай темір жол

Алексеевка ауылына жетті. Ал 28 қыркүйекте «Новая степь» газеті Алексеевкадан Ақмолаға дейін 40 шақырым жолдың салынғанын хабарлады. Құрылған комиссия Ақмола қаласы мен Алексеевка селосының аудандық ұйымдарының, мекемелерінің құрылыс алаңына көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастырды.

Аудандық атқару комиссиясы өзінің 1929 жылғы 6-мамырдағы отырысында аймақтық білім беру бөліміне құрылысшылар үшін мәдени қызмет көрсетуді күшейтіп, құрылыс алаңына жылжымалы үгіт пункті мен киноқондырғының, кітапхананың жиі барып тұруын міндеттеді.

Ақмола уездік партия комитетінің бюросы 1929 жылғы 2-қазандағы мәжілісінде Ақмола сауда ұйымдарының теміржолшылар үшін аяқ киім мен киім-кешектерді кезектен тыс бөлу мәселесін арнайы қарады.

Бұл кезде жол салушылар жолды Ақмолаға жақындатып жатқан болатын. 1929 жылы 6-қарашада Бурабай-Ақмола теміржол желісіндегі рельс жолын төсеу мерзімінен үш апта бұрын аяқталды. Сол күні кешкісін болашақ Ақмола стансасында соңғы шпал төселіп, соңғы шыбық қағылды. Жолдың ұзындығы 226 шақырымды құрады.

1929 жылы 15-желтоқсанда жаңа желіде тұрақты пойыз қатынасы ашылды. Әр пойызда 6 жолаушылар, 1 пошта, 1 багаж вагоны болды. Пойыздар Ақмоладан дүйсенбі, сәрсенбі және сенбі күндері кешкі уақытта Бурабайға дейінгі 12 сағаттық жолды жүріп өтті.

**Айжан АЛПЫСБЕКОВА,**  
мұрағат қызметкері.

Ақмол.